

4 Krysin L.P. Slovo v sovremennyh tekstah i slovaryah: Ocherki o russkoj leksike i leksikografii. [tps://portal.tpu.ru/SHARED/s/SHCHITOVA/Aspir/Aspirantam/Krysin\\_slovo.pdf](https://portal.tpu.ru/SHARED/s/SHCHITOVA/Aspir/Aspirantam/Krysin_slovo.pdf)

5 Vafieva A.D., Nizamutdinova E.M. Vidy i prichiny zaimstvovaniy (na primere anglijskogo yazyka) // Molodezhnyj nauchnyj forum: Gumanitarnye nauki: elektr. sb. st. po mat. XL mezhdunar. stud. nauch.-prakt. konf. № 11(39). 2016: [https://nauchforum.ru/archive/MNF\\_humanities/11\(39\)](https://nauchforum.ru/archive/MNF_humanities/11(39)).

6 Izuchenie sovremennyh anglicizmov na zanyatijah po inostrannomu yazyku v vuze. N.V. Belina, Z.A. Kiselyova, S.L. Bozhik. Nauchno-tehnicheskie vedomosti SPbGPU. Gumanitarnye i obshchestvennye nauki T. 8, № 2, 2017 - 89-98

7 Didakticheskij material dlya provedeniya urokov po teme "Leksika", "Zaimstvovannye slova" (5 klass) <https://infourok.ru/didakticheskij-material-dlya-provedeniya-urokov-po-teme-leksika-zaimstvovannie-slova-klass-2019674.html>

8 Domchenko E.A. zaimstvovaniya kak process izmeneniya yazyka // Molodoj uchenyj. 2016. № 10. s. 1209–1212.

9 Hraban T.E. Leksicheskoe zaimstvovanie kak rezul'tat mezhkul'turnoj i mezh'yazykovoj kommunikacii // Uchenye zapiski UO VGU im. P.M.Masherova. 2016. T. 21. - S. 138-143.

10 Solovejchik, M.S. Russkij yazyk: K tajnam nashego yazyka: uchebniki dlya 1 – 4 klassov obshcheobrazovat. uchrezhdenij. V dvuh chastyah. / M.S. Solovejchik, N.S. Kuz'menko. – 10-e izd. – Smolensk: Associaciya XXI vek, 2013. – 160 s

11 Krupchenko A.K., Kuznecov A.N. Osnovy professional'noj lingvodidaktiki: Monografiya. – M.: APKiPPRO, 2015. – 232 s

**МНРТИ 16.01.11**

10.51889/9472.2022.13.12.003

*\*Нұрпейісова С.К.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті,  
Қарағанды, Қазақстан

<sup>1</sup>Филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
[svetlana9438652@gmail.com](mailto:svetlana9438652@gmail.com)

## **ТЕРМИНОЛОГИЯДА МЕНШІКТІЛІК ҚАТЫНАСТЫ БІЛДІРЕТІН МАТАСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада оқу процесінде пайдаланатын терминдер қарастырылған. Кәсіби орыс тілін оқытуда меншіктілік қатынасты білдіретін матаса байланысқан мысалдар көрсетілген. Автор түрлі зерттеулер негізінде студенттердің танымдық және шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда, кәсіби күзіреттілікті, тұлғалық-бағдарлы дамуды жетілдіруде заманауи оқыту әдістерінің маңыздылығын көрсетеді. Университеттік білім беру аясында студенттердің өзіндік шығармашылық жұмыс процесінде тиімділікті қамтамасыз етуге арналған білім, дағдылар мен қатынастардың жиынтығы анықталады. Мақалада қарастырылған меншіктілік қатынас туралы тілдік материалдар қазіргі қазақ және орыс тілдерінің грамматика саласын тарихи тұрғыдан кеңінен зерттеуге пайдасын тигізіп, тұжырымдары мен түйіндері меншіктілік қатынастың кейбір анықталмаған мәселелерін шешуге теориялық тұрғыдан белгілі дәрежеде өз үлесін қосады.

**Түйін сөздер:** меншіктілік қатынас, матаса байланысқан терминология, синтаксистік конструкция, сөйлем құрылысы, сөз тіркестерінің жасалуы, лексика-морфологиялық құрамы

*\*Nurpeissova S.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov,  
Karaganda, Kazakhstan  
Candidate of philological Sciences, Associate Professor,  
svetlana9438652@gmail.com*

## **FEATURES OF THE USE OF TERMINOLOGICAL PHRASES EXPRESSING THE MEANING OF BELONGING, PROPERTY RELATIONS**

### *Abstract*

The article discusses the peculiarities of the use of terms expressing the meaning of belonging, property relations used in the educational process in the discipline of professionally oriented Russian language. On the basis of various studies, the author indicates the relevance of modern teaching methods in the formation of cognitive and creative activity, in increasing professional competence, personal-oriented development. Within the framework of university education, the body of knowledge, skills and relationships that are designed to ensure the effectiveness of students in the process of independent creative work is determined. The theoretical language materials on belonging and property relations studied in the article contribute to a wide historical study of the grammatical sphere of modern Kazakh and Russian languages, to a certain extent contribute to understanding the specifics of each of the compared languages, comprehending their characteristics.

**Keywords:** belonging relationships, terminology, sentence structure, syntactic constructions, collocation formation, lexical-morphological structure

*\*Нурпеисова С.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова,  
Караганда, Казахстан  
Кандидат филологических наук, доцент,  
svetlana9438652@gmail.com*

## **ОСОБЕННОСТИ УПОТРЕБЛЕНИЯ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИХ СЛОВСОЧЕТАНИЙ, ВЫРАЖАЮЩИХ ЗНАЧЕНИЕ ПРИНАДЛЕЖНОСТИ, ОТНОШЕНИЯ СОБСТВЕННОСТИ**

### *Аннотация*

В статье рассматриваются особенности употребления терминов, выражающих значение принадлежности, отношения собственности, применяемые в учебном процессе по дисциплине профессионально-ориентированный русский язык. На основе различных исследований, автором обозначена актуальность современных методов обучения в формировании познавательной и творческой активности, в повышении профессиональной компетенции, личностно-ориентированного развития. В рамках университетского образования определяется совокупность тех знаний, умений и отношений, которые призваны обеспечить результативность деятельности студентов в процессе самостоятельной

творческой работы. Исследуемые в статье теоретические языковые материалы о принадлежности и отношении собственности способствуют широкому историческому изучению грамматической сферы современного казахского и русского языков, в определенной степени вносят вклад в понимание специфики каждого из сопоставляемых языков, постижению их признаков.

**Ключевые слова:** отношения принадлежности, терминология, структура предложения, синтаксические конструкции, образование словосочетаний, лексико-морфологический состав

**Кіріспе.** Бүгінгі күні қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытудың ең басты жолы – оның ғылыми терминдерін жасау, оларды ретке келтіру, жүйеге түсіру және оны қолданысқа ендіру. Өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің, саясат пен дипломатияның және тағы басқалардың әр саласына тән терминдердің жиынтығы терминология деп аталады. Әрбір тілде шаруашылық пен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің алуан түрлі салаларының терминологиясын жасау – әрі ғылыми, әрі қоғамдық үлкен мәні бар, аса қажетті жұмыс.

Әр тілдің лексикасында ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздер бар. Олар терминдер деп аталады. Басқа сөздермен салыстырғанда терминдерде басты қасиет неде? Күнделікті өмірде барлық салада жалпылама қолданыла беретін сөздер ыңғайына қарай түрлі-түрлі мағынада жұмсалып көп мағыналы болып келсе, терминдердің басым көпшілігі дара мағынасында жұмсалатынын ғалым К. Аханов өз еңбегінде анықтаған [1, 161-163].

Ғылым мен техникада терминдердің мәні күшті. Ғылым мен техниканың белгілі бір саласын меңгеру үшін сол салаға тән терминдердің мағынасын, ғылыми мәні мен білдіретін ұғымын жете түсіну қажет. Белгілі бір ғылым саласына тән терминологияны білмей тұрып, ол ғылымды меңгеру де мүмкін емес.

Ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларына қатысты терминдердің ішінде дүние жүзіндегі тілдердің бәріне бірдей ортақ көптеген терминдер бар. Барлық тілдерге ортақ көптеген терминдер сөздердің халықаралық қоры (международный фонд слов) болып саналады да, интернационалдық терминдер деп аталады.

**Әдістеме.** Матаса байланысқан сөз тіркестері құрамы жағынан әр қилы: оның құрамында орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген интернационалдық лексика да қазақ тіліне енген. Мысалы: *демократия, конституция, фонема, филармония, меридиан, модернизация, тоталитаризм* және тағы басқалары.

Матаса байланысқан еркін сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы пайда болған терминдер тілімізде молынан кездеседі. Сөздердің аналитикалық тәсілі арқылы жасалған, тіркес түрінде келген терминдер құрамында меншіктілік мағынада құралған формалар (ілік септік формасы түсіп қалған) кездеседі.

Ғалым С. Исаев өзінің еңбегінде бұл құрылымның анықтамасын ерекше қарастырады, әліде де “матасу” терминін нақтылауды қажет ететін тұстарының барын аңғартады. Екі сөздің бірі ілік септігінде, екіншісі тәуелдік жалғауында тұрып, анықтауыштық қатынаста жұмсалған тіркес компоненттері матаса байланысатыны белгілі. Ол түркологияда изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің үшінші типіне жатқызылып жүр. Осындай сөз тіркестері көбінесе меншіктілік мағынасында болады [2, 162].

Матасудың құрамындағы сөздердің байланысу формалары мен тәсілдері күрделі. Сөз тіркесінің бұл типінде екі компоненттің грамматикалық формалары арқылы болатын байланысу амалдары сол тіркесті құрауда шешуші роль атқарады. (Әрине, тіркес құрамындағы сөздердің семантикалық сәйкестігі де, олардың мағыналық жағынан үйлес болуы бүтіндей бейтарап емес).

Сондықтан да қазіргі қазақ тілінде, әсіресе мерзімді баспасөз тілінде матаса байланысқа түскен сөз орамдары активті түрде қолданылады, тіркес құрамындағы сөздердің

грамматикалық формалары арқылы үш жақты байланысының негізінде олардың жасалуы, тілге жаттығы білінбейді.

Бұндай тіркестердің лексика-морфологиялық құрамы әр түрлі бола береді. Тек зат есімнен ғана емес, басқа есімдерден де, сондай-ақ, етістік түрлерінен, тіпті тұрақты және түйдекті тіркестерден болған қазақтың байырғы сөздері мен әр кезеңде енген кірме сөздер матаса байланысқан сөз тіркесінің бірінші де, екінші де компоненті бола алады [3, 41- 47].

Алғашқы компоненттің мағынасы контекстен немесе екінші компоненттің семантикасынан-ақ түсінікті болса, бір сөз жұмсала береді. Мысалы, *балам, кітабың* деген сөздерден *менің балам, сенің кітабың* деген тіркестердің бар екені айқын көрінеді. Демек, ілік септікте тұрған сөз 1, 2-жақ жіктеу есімдігі болса, ол сөз тәуелдік жалғау тұлғасынан бірден байқалып тұрады. Тіл қашан да ауырдан жеңілге, күрделіден қарапайымдылыққа қарай бейімделіп отырады. Тілдегі артық элементтер түсіп, қысқарып отыруы – оның икемді болуының бір шарты. Аффикстердің бір кезде толық сөз болып, кейін қысқарып, тіпті кейбіреулерінің ықшамдалып қалуы – осының көрінісі.

Ондай процестерді проф. В.А. Богородицкий мәдениеттің өсуімен тығыз байланысты ойлау, сөйлеу процесінде энергияны аз жұмсау үшін тілдің үнемдеу моменттері деп көрсетеді [4, 33].

Ал, ілік септік жалғауында тұрған 3-жақ жіктеу есімдігі, не басқа сөз болса, оның бүтіндей түсіп қалып, тәуелдік жалғаулы сөздің жеке өзі қолданылуында ерекшеліктер болады, өйткені 1,2-жақтарда алдыңғы сөз біреу-ақ болса, 3-жақта қай сөз екені көрсетілмей, яғни онда зат иесінің нақтылығы жоғалады. Мысалы, *оның, соның, бұның, өзінің* тағы басқа кез келген 3-жақтағы сөздер тіркесуі мүмкін.

Көркем шығарма тілінде түсіп қалған 3-жақтағы сөз контекстің өн бойынан немесе екінші сөздің семантикасынан, сөйлем құрылысынан аңғарылып тұруы мүмкін. Мысалы, *кешегі бала біздікіне келіп, кітабын алып кетті* деген сөйлемде *кітап баланыкі екені, кітабы сөзі баланың* немесе *өзінің* деген сөздермен тіркесетіні бірден байқалады. Ол сөз тіпті осы сөйлемде айтылмай алғашқы сөйлемдерде де қолдануы мүмкін. Ондай жағдайларда ол сөзді әр сөйлем сайын қайта-қайта қолданудың қажеті де болмайды, керісінше мерзімді баспасөз тілінің көркем шығарма тіліне карағанда ойды білдіру мазмұны жағынан болсын, формасы жағынан болсын біршама ресми нақтылау, нормативтік болып тығыз байланысты дейді С. Исаев [3].

Бірінші сөзде ілік септік жалғауының түсіп қалуы сол синтаксистік конструкцияға бір мағыналы, терминологиялық сипат береді, яғни бұндай сөз орамдары атауыштық, нормативтік мағынада қолданылуының нәтижесінде тұрақтылық қасиетке ие бола бастайды, олардың құрамындағы компоненттер бір-бірімен жымдаса түседі, бөлуге келмейтін бір бүтін бірлік ретінде, жеке сөз сияқты қолданыла бастайды.

**Нәтижелер.** Мысалы, техникалық мәтіндерді сабақ барысында әр мамандық бойынша қолданғанда, информатика саласында мынадай сөз тіркестерін (ілік септігінің жасырын түрі + 3-жақ тәуелдік жалғауын) пайдаланамыз: *командалар дешифраторы, деректер базалары, файл атрибуты, есеп орталығы, деректер жиымы, регистрлер жиымы, жады жиымы, оқу жылдамдығы, операция коды, лазер принтері, өлшем бірлігі, деректер облысы, жады облысы, цикл операторы, адрес өрісі, деректер өрісі, операнд өрісі, ассемблер тілі, команда мекен-жайы – адрес команды, команда санаушы – счетчик команд, командалар санаушы – счетчик команд* [5, 63].

Құрылыс саласында: *арматура бөлшегі, ауытқы бұрышы, баған базасы, баспалдақ еңісі, берілу жылдамдығы, бұралу бөлшегі, бұрыш сылағы* [5, 76].

Қазақ тілінің терминология мәселелерінің бірі – техникалық терминдер мен терминология мәселесін бір-бірімен өте тығыз байланыста, бірлікте шешеміз.

Меншіктілік мағынаны білдіретін *толық түрі (толымды): команданың аты, айнымалының аты, файлдың аты, дисплейдің сиымдылығы, жазудың тығыздылығы,*

томның соңы, файлдың соңы, толқынның формасы, табыстардың бөлісі, бетонның мерзімі, бағаның капителі, арынның шығыны, арнаның шығыны, бүгілудің шегі [5, 18].

Бұдан соң субстантивтенген тұйық етістік формасы мен тәуелдік жалғауындағы сөздің тіркесуі арқылы жасалған терминдік мағынадағы тіркестер де кездеседі.

Мысалы: *адрестеу тәсілі, іздеу атрибуты, қатынау жылдамдығы, пайдаланушы коды, іздеу облысы, таңдау адресі, бақылау операторы, ауысу операторы, сұрату символы, сұрау символы, жою символы, өшіру белгісі (жою) – символ удаления, модельдеу тілі, программалау тілі, бағдарлау белгісі, есептеуіш орталық, бақылау сынақтары* [5, 16].

Кейде құрамы үш сөзден тұратын күрделі атауыштық негіздегі тіркестер қолданылады. Бұлардың арасында да меншіктілік қатынастың реңкі байқалады.

Мысалы: *каретканы қайтару символы – символ возврата каретки, жоғары регистрдің әрпі – буква верхнего регистра, сыртқы құрылымды бақылаушы – контролер внешнего устройства, томның соңының белгісі, файлдарды көшіру бағдарламасы – программа копирования файлов, еңбек қатынастарының талдауы, қыздырманың қызба жібі, доға кілтінің топсасы, бояу бүріккіш сопласы, ауыстырып қосу белгісі – символ переключения* [5, 7-14].

Бұндай мысалдарды әрі қарай толықтырып, негізгі ұғымдардың мағынасын неғұрлым дәл болуын оны қарапайым сөз тіркестері арқылы анық түсіндірумен жалғастыруға болады. Күрделі атауларды А. Дінасылов пен Ә. Жолшараев еңбектерінде келтірілген басқа атаулар арқылы анықтайды [6, 9-84]. Мәселен, ілік септігі мен тәуелділіктің үшінші жағы арқылы байланысқан изафеттің үшінші түрі әр түрлі мағыналық қатынастарды білдіреді: меншіктілік қатынас, бүтіннің бөлшекке қатысы, зат пен заттың арасындағы (*релятивтік*) қатынастық байланыс тағы басқасы.

**Талқылау.** Әр түрлі лексика-грамматикалық заңдылықтарға сәйкес, олар мынадай реттерде ілік жалғаулы болып, сөйлем құрамында анықтауыш қызметін атқарады. Анықтауыш пен анықталатын сөз арасына басқа бір сөз түсіп айтылады.

Бүгінгі тілімізде бұл үлгіні білдіретін мағыналық қатынасы әлдеқайда кеңіген. Бұрын меншіктілік қатынас жалпылама түрінде білдіретін болса, қазір оны барынша айқындай, саралай түсуге ұмтылушылық бар. Мысалы:

*Сырықтың абсолют ұзаруы.* Сырықтың ұзындығының күшті түсіргенге дейінгі және одан кейінгі шамаларының айырмасы.

*Абсолютное удлинение (укорочение) стержня.* Разность между длиной стержня и после нагружения.

*Қабықтардың моментсіз теориясы.* Қабық иілуге төтеп бермейтіндігіне негізделген қабықтар теориясы. Бұл жағдайда қабықтың қалыңдығы бойымен кернеу біркелкі таралады.

*Безмоментная теория оболочек.* Теория оболочек, основанная на предположении, что изгиб оболочки отсутствует, и, следовательно, напряжения, возникающие в оболочке, постоянны по толщине.

*Сырықтың талшығы.* Сырықтың көлденең қималарының ұқсас нүктелері арқылы бойлық бағытпен ойша жүргізілген сызық.

*Волокно стержня.* Воображаемая линия, проходящая вдоль оси стержня через подобные точки его поперечных сечений.

*Сырықтың иілгіштері.* Сырықтың ұзындығына, шеттерін бекіту түріне және көлденең қимасының өлшемдеріне тәуелді өлшемсіз шама; сырықтың иілгіштігі өскен сайын дағдарыс кернеуінің шамасы азаяды.

*Гибкость стержня.* Безразмерная величина, зависящая от длины, условий закрепления, а также размеров и формы поперечного сечения стержня; с увеличением гибкости уменьшается величина критических напряжений.

*Межелік амплитудалардың диаграммасы.* Қажуға сынау кезінде үлгінің негізгі дүркін санына төтеп бере алатын жағдайында әсер етуші кернеудің орташа мәні мен ең үлкен амплитудасы арасындағы тәуелдік. Синоним – қажуға беріктік диаграммасы.

*Диаграмма предельных амплитуд.* Зависимость между средним напряжением и наибольшим значением амплитуды цикла, при котором материал еще способен выдержать базовое число циклов испытания на прочность. Синоним – диаграмма усталостной прочности.

*Сырықтың иілу кезіндегі қатаңдығы.* Сырықтың иілуге төтеп беру қабілетін көрсететін сипаттамасы; шамасы серпімділік (Юнг) модулімен өстік инерция моментінің көбейтіндісіне тең.

*Жесткость стержня при изгибе.* Характеристика способности стержня сопротивляться изгибным деформациям, равная произведению модуля Юнга на осевой момент инерции поперечного сечения стержня.

*Сырықтың созылуға қатңдығы.* Серпімділік модулінің (Юнг модулі) көлденең қима ауданына көбейтіндісіне тең сырықтың созылуға қарсы тұру қабілетін көрсететін сипаттама.

*Жесткость стержня при растяжении (сжатии).* Характеристика способности стержня сопротивляться деформациям растяжения (сжатия), равная произведению модуля Юнга на площадь поперечного сечения стержня.

*Эйлердің есебі.* Көлденең қимасының орталығынан бойлай күш түсірілген сырықтың тепе-теңдігінің орнықтылығы жайындағы есеп.

*Задача Эйлера.* Задача об устойчивости равновесия стержня, сжатого центрально приложенными силами.

*Беріктіктің кепілдігі.* Межелік (сындырушы) күштің немесе кернеудің іс жүзінде әсер етіп тұрған күшке немесе кернеуге қатынасы. Синоним – беріктік кепілдігінің еселігі; күрделі кернеулі күй жағдайында кернеулі күйдің құраушыларының барлығын бірге кернеулі күй болу үшін неше есе көбейту керек екенін көрсететін еселік.

*Запас прочности.* Отношение предельной (разрушающей) нагрузки или напряжения к действительной нагрузке или напряжению; в случае сложного напряженного состояния определяется как число, показывающее, во сколько раз нужно одновременно увеличить все компоненты напряженного состояния, чтобы оно стало предельным. Синоним – коэффициент запаса прочности.

*Орнықтылықтың кепілдігі.* Дағдарыс күшінің немесе кернеудің әсер етіп тұрған (ескерілетін) күшке немесе кернеуге қатынасы.

*Запас устойчивости.* Отношение критической нагрузки или напряжения к действительной (расчетной) нагрузке или напряжению.

*Деформацияланған күйдің инварианттары.* Нүктедегі деформацияланған күй құраушылары арқылы анықталатын және бастапқы координаттар жүйесіне тәуелсіз бас деформацияларға қатысты үшінші дәрежелі тендеудің еселіктері.

*Инварианты деформированного состояния.* Коэффициенты кубического уравнения относительно главных деформаций, определяемые через компоненты деформированного состояния в точке и не зависящие от выбора исходной системы координат.

*Кернеулі күйдің инварианттары.* Нүктедегі кернеулі күй құраушылары арқылы анықталатын және бастапқы координаттар жүйесіне тәуелсіз бас кернеулерге қатысты үшінші дәрежелі тендеудің еселіктері.

*Инварианты напряженного состояния.* Коэффициенты кубического уравнения относительно главных напряжений, определяемые через компоненты напряженного состояния в точке и не зависящие от выбора исходной системы координат.

*Кернеудің шоғырлануы.* Дененің өлшемдерінің, формасының күрт өзгерген жерлерінде (әр түрлі тесіктер, ойықтар және тағы басқалары) сонымен қатар екі дененің түйіскен беттерінде пайда болатын кернеудің үлкеюі.

*Концентрация напряжений.* Возникновение повышенных напряжений в области резких изменений в форме тела (отверстия, выточки и тому подобное), а также в зоне контакта деталей.

*Пуассонның еселігі.* Бойлық және көлденең бағыттағы деформациялардың арасындағы сызықтық (пропорционал) тәуелділікті көрсететін материалдың физикалық тұрақтысы. Синоним – Көлденең деформация еселігі.

*Коэффициент Пуассона.* Физическая константа материала, представляющая собой коэффициент пропорциональности в линейной зависимости между поперечной и продольной деформациями при растяжении – сжатии. Синоним – коэффициент поперечной деформации.

*Материалдың механикалық күйі.* Сыртқы күштер әсер етуіне сәйкес материалдың серпімді, пластикалық не тұтастығын жоғалтқан (сыну) күйлерде болуы.

*Механическое состояние материала.* Упругое состояние, пластическое состояние или состояние разрушения, в которых материал может находиться в зависимости от условий нагружения.

*Кернеулердің салыстырмалы градиенті.* Кернеулердің градиентінің жергілікті кернеудің ең үлкен мәніне қатынасы.

*Относительный градиент напряжений.* Отношение градиента напряжений к величине максимального местного напряжения.

*Сырықтардың жазық жүйесі (рама немесе ферма).* Сырық түріндегі элементтерінің өстері, олардың қималарының бас инерция өстері және түсірілген күштер бір жазықтықта жататын сырықтар жүйесі.

*Плоская стержневая система (рама или ферма).* Стержневая система, у которой оси всех стержневых элементов расположены в одной плоскости, и в этой же плоскости лежат главные оси инерции поперечных сечений элементов и действует все внешние силы.

*Сырықтың көлденең қимасы.* Сырықтың бойлық өсіне перпендикуляр жазықтықпен қиылысынан пайда болатын фигура.

*Поперечное сечение стержня.* Плоская фигура, образуемая при пересечении бруса плоскостью, перпендикулярной его оси.

*Деформацияның потенциалық энергиясы.* Деформацияның серпімді құраушыларының арқасында пайда болып, күшті алып тастаған кезде жүйенің сыртқы жұмысына айнала алатын деформация энергиясы.

*Потенциальная энергия деформации.* Энергия деформации, обусловленная упругими составляющими деформации, которая высвобождается при снятии внешних сил и может совершить полезную работу.

*Жылыстаудың шегі.* Пластикалық деформацияның берілген уақыт ішінде белгілі шамаға жетуіне сәйкес кернеу шамасы.

*Предел ползучести.* Напряжение, при которой пластическая деформация за заданный промежуток времени достигает заданной величины.

*Беріктіктің шегі.* Үлгі төтеп бере алатын ең үлкен күштің үлгінің көлденең қимасының бастапқы (күш түсірілген кездегі) ауданына қатынасы.

*Предел прочности.* Отношение наибольшей силы, которую может выдержать образец, к его начальной площади поперечного сечения.

*Серпімділіктің шегі.* Материалда тек серпімді деформация пайда болатын кернеудің ең үлкен мәні.

*Предел упругости.* Наибольшее напряжение, при котором материал сохраняет упругие свойства.

*Байланыстың реакциялары.* Байланыстың материялық нүктеге немесе материялық нүктелер жүйесіне әсер ету күші.

*Реакция связи.* Сила, с которой связь действует на систему материальных точек или материальную точку.

*Материалдардың механикасы.* Бір сыпыра ықшамдағыш болжамдарға және жуықтап есептейтін тәсілдерге негізделген құрылма элементтерін беріктік пен қатандыққа есептеу жайындағы ғылым саласы; тұтас орта механикасының, дәл айтқанда деформацияланатын денелер механикасының бөлігі. Синоним – Материалдар кедергісі.

*Сопротивление материалов.* Наука о прочности и жесткости элементов конструкций, построенная на ряде упрощающих предположений и приближенных методов; является разделом механики сплошной среды и механики деформируемого твердого тела.

*Верещагиннің әдісі.* Екі функцияның көбейтіндісінен алынатын интегралды сол функциялардың графиктерін арнаулы жолмен “көбейтумен” алмастыру.

*Способ Верещагина.* Замена интеграла от произведения двух функций особым образом выполненным произведением графиков этих функций.

*Қабықтың ортаңғы беті.* Қабықтың ішкі және сыртқы беттерінен бірдей қашықтықта жатқан нүктелердің геометриялық орны; қабықтың қалыңдығын қақ жарып өтетін бет.

*Срединная поверхность оболочки.* Геометрическое место точек, равноотстоящих от наружной и внутренней поверхности оболочки; поверхность, делящая пополам толщину оболочки.

*Клапейронның теоремасы.* Сызықтық тәуелділікке бағынатын жүйедегі деформацияның потенциялық энергиясы сыртқы күштердің әрқайсысының өздері туындататын орын ауыстыруларында істейтін жұмыстарының қосындысының жартысына тең болады.

*Теорема Клапейрона.* Потенциальная энергия деформации линейной системы равна половине работы внешних сил на произведенных ими перемещениях.

*Лагранж – Дирихленің теоремасы.* Жүйенің шеткі шарттарына қайшы келмейтін орын ауыстырулардың ішінде оның орнықты тепе-теңдігіне сәйкес мәндері сол жүйенің толық потенциялық энергиясы ең кіші мәнге ие болатын күйінде пайда болады.

*Теорема Лагранжа – Дирихле.* Из всех перемещений системы, не противоречащих граничным условиям, те, которые удовлетворяют условиям устойчивого равновесия, придают полной потенциальной энергии системы минимальное значение.

*Орын ауыстырудың өзара теңдігі (Максвел) теоремасы.* Сызықтық тәуелділікке бағынатын жүйенің күш түсірілген нүктесінің сол күш бағытындағы, шама жағынан біріншіге тең, екінші күш әсерінен туындайтын орын ауыстыру екінші күштің түсу нүктесінің өз бағытындағы алғашқы күш әсерінен туындайтын орын ауыстыруына тең болады.

*Теорема Максвелла.* В линейных системах перемещение точки приложения какой-либо силы по направлению этой силы под действием второй силы, равной по величине первой, равно перемещению точки приложения второй силы по ее направлению, вызываемому первой силой.

*Жұмыстардың өзара теңдігі (Бетти) теоремасы.* Сызықтық тәуелділікке бағынатын жүйенің бір күйіндегі сыртқы күштердің оның екінші күйіндегі күштерден туындайтын орын ауыстыруларындағы жұмысы екінші күйдегі сыртқы күштердің бірінші күй күштерінен туындайтын орын ауыстыруларындағы жұмысына тең болады.

*Теорема (Бетти) о взаимности работ.* В линейных системах работа внешних сил первого состояния на перемещениях, вызываемых силами второго состояния, равна работе сил второго состояния на перемещениях, вызываемых силами второго состояния.

*Тең әсерлі күш моменті жайындағы теорема (Вариньон теоремасы).* Егер күштер жүйесі тең әсерлі күшке келтірілсе, тең әсерлі күштің кез келген нүктеге қатысты моменті жүйеге кіретін күштердің сол нүктеге қатысты моменттерінің геометриялық қосындысына тең болады.



*Теорема (Вариньона) о моменте равнодействующей.* Если система сил приводится к равнодействующей, то момент равнодействующей относительно произвольной точки равен геометрической сумме моментов сил, входящих в систему, относительно той же точки.

*Мордың беріктік теориясы.* Материалдың бір механикалық күйден екіншіге өту нүктедегі ең үлкен жанама кернеу мен сол кернеудің жазықтықтағы тік кернеудің тұрақты еселікке көбейтіндісінің қосындысы екінші тұрақты санға тең болғанда мүмкін болады; тұрақтылар шамасы екі эксперименттен (мысалы, қарапайым созылуға және сығылуға сынау) анықталады. Созылу мен сығылуға бірдей қарсыласатын пластикалық материалдар үшін ең үлкен жанама кернеулер теориясымен бірдей нәтиже береді.

*Теория прочности Мора.* Переход материала от одного механического состояния к другому происходит тогда, когда сумма наибольшего касательного напряжения и умноженного на некоторый постоянный множитель нормального напряжения на той же площадке, где действует это наибольшее касательное напряжение, достигает другой постоянной величины; постоянные определяются из двух экспериментов (например, при растяжении и сжатии). Для пластичных материалов, одинаково сопротивляющихся растяжению и сжатию, дает тот же результат, что и теория наибольших касательных напряжений.

*Сырықтың (Арқалықтың) серпінді өсі.* Иілген сырықтың (арқалықтың) өсі.

*Упругая линия стержня (балки).* Ось изогнутого стержня (балки).

*Күштердің барабар жүйелері.* Бірдей жағдайларда берілген абсолют қатты денеге немесе материялық нүктеге әсерлері бірдей болатын күш жүйелері.

*Эквивалентные системы сил.* Системы сил действия, которых по отдельности на одну и ту же материальную точку или на одно и тоже абсолютно твердое тело одинаковы при одинаковых условиях.

*Эйлердің эластиктері.* Сығушы күш Эйлер дағдарыс күшінен артық болғанда бойлай сығылған икемді сырықтардың майысу қисықтары; мұндай қисықтардың теңдеулері сырықтың иілген өсінің дәл (жуықталмаған) дифференциалдық теңдеуін интегралдау арқылы табылады.

*Эластики Эйлера.* Кривые, согласно которым нагибаются гибкие центрально сжатые стержни, когда величина сжимающей силы превышает эйлерову критическую силу; уравнения этих кривых могут быть получены только при интегрировании точного дифференциального уравнения изогнутой оси стержня.

*Қима өзегі.* Көлденең қиманың барлық нүктелерінде бір таңбалы кернеу туындататын орталықтан тыс түсірілген бойлық күштердің түсу нүктелерінің жиынтығы.

*Ядро сечения.* Область в окрестности центра тяжести поперечного сечения, обладающая тем свойством, что, если след продольной силы проходит внутрь этой области, то напряжения во всех точках поперечного сечения имеют один знак [6, 8-84].

**Қорытынды.** Бірақ бұндай аудармаларда біршама кемшіліктер де кездесіп тұрады: мысалы, *форматты басқару (управление форматом)* біздіңше, *форматпен басқару* болу керек. *Лазер принтері* деген сөз тіркесі *лазерный принтер* деп аударылыпты, біздіңше, аудармасы *принтер лазера* болу керек, өйткені бұл сөз тіркесінде сын есімнің жалғауы жоқ және сөздің мағынасы да өзгеріп тұр.

Дұрысын былай көрсетуге болады: *лазер принтері – принтер лазера, лазерлі принтер – лазерный принтер.* Сол сияқты *апаттың аяқталуы – аварийное завершение* деп аударылған, *завершение аварии* болу керек. *Дюймдардың жолдары – дорожка на дюйм* деп аударылып мағынасы өзгеріп тұр. Дұрысы – *дорожки дюйма.*

Терминологияны дұрыс аудару үшін З. Ахметжанованың да еңбегіне жүгінуге болады. Мұндай негіз ұғымдық категориялар болып табылады дейді. Ол қазақ және орыс тілдерінде посессивтілігін талдаудың тәсілдерін айқын атап өткен [7, 23].

Тіл – өмірмен өзектес жанды құбылыс. Сондықтан оның сөздік құрамы әрдайым өзгеріп, толысып отырады. Әр дәуір, әр қоғам өзіне қажетті жаңалықтарды туғызса, сол жаңа зат құбылыс, ұғым, іс әрекеттердің өз атаулары пайда болады. Әр түрлі ғылым салаларының қазіргі кезде жан-жақты дамуының нәтижесінде қоғамдық өмірімізге көптеген жаңа қағидалар, ұғымдар енеді. Сол жаңа ұғым, заттарға байланысты тілдік жаңа атаулар пайда болады. Тілдегі жаңа сөздер толқыны қоғамымызда болып жатқан әр алуан дүниелер, техника, ғылым, өндіріс жаңалықтарына байланысты кіреді. Меншіктілік қатынасты білдіретін тұлғалар қазақ тілінің жай сөйлем жүйесінің, құрмалас сөйлем жүйесінің дамуына себепті болды.

Зерттеушілер меншіктілік қатынасты екі зат есімнен тіркескен анықтауыштық қатынастарға, ілік және тәуелдік жалғауындағы құрылымдарға жатқызады [8, 48].

Қорыта айтқанда, терминология проблемасын бүгінгі күнгі өмір талабының өзі туғызып отыр. Сөздіктерде берілген қазақша терминдердің арасында меншіктілік қатынасты білдіретін матаса байланысқан сөз тіркестерінің жасалуын да, қалыптасуын да анық байқауға болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
- 2 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 195 б.
- 3 Исаев С. Некоторые особенности употребления конструкции с родительным падежом в языке периодической печати // Известия АН Каз.ССР. Серия общественная. – 1973. – # 4. – С. 41-47.
- 4 Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань: Татаргосиздат, 1953. – 219 с.
- 5 Қазақша-орысша-ағылшынша техникалық терминдер сөздігі = Русско-казахско-английский словарь технических терминов = English-Russian-Kazakh Dictionary of Technical Terms / Бас ред.: техн. ғыл. д-ры Г.Г. Пивень. – Қарағанды: ҚарMTU, 2004. – 434 б.
- 6 Дінасылов А., Жолишараев Ә. Материалдар механикасы атауларының орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы: РИК, 1994. – 98 б.
- 7 Ахметжанова З.К. Принципы сопоставительного функционального исследования казахского и русского языков: Автореф. дис. докт. филол. наук. – Алматы, 1989. – 27 б.
- 8 Нұрпейісова С.К. Қазақ тіліндегі тәуелдік категориясы: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарMTU, 2007. – 61 б.

*References:*

1. Ahanov K. Til biliminin negizderi: Okulyk. – Almaty: Sanat, 1993. – 496 b.
2. Isaev S. Kazak adebi tilinin sovet dauirinde damuy. – Almaty: Mektep, 1973. – 195 b.
3. Isaev S. Nekotorye osobennosti upotrebleniya konstrukcii s roditel'nym padezhom v jazyke periodicheskoy pechati // Izvestija AN Kaz.SSR. Serija obshhestvennaja. - 1973. - # 4. - S. 41-47.
4. Bogorodickij V.A. Vvedenie v tatarskoe jazykoznanie v svjazi s drugimi tjurkskimi jazykami. – Kazan': Tatgosizdat, 1953. – 219 s.
5. Kazaksha-oryssha-agylshynsha tehnikalyk terminder sozdigi = Russko-kazahsko-anglijskij slovar' tehnicheskikh terminov = English-Russian-Kazakh Dictionary of Technical Terms / Bas red.: tehn. gyl. d-ry G.G. Piven'. – Qaragandy: KarMTU, 2004. – 434 b.
6. Dinasylov A., Zholsharaev A. Materialdar mehanikasy ataularynyn orysshа-qazaksha tusindirme sozdigi. – Almaty: RIK, 1994. - 98 b.
7. Ahmetzhanova Z.K. Principy sopostavitel'nogo funkcional'nogo issledovanija kazahskogo i russkogo jazykov: Avtoref. dis. dokt. filol. nauk. – Almaty, 1989. – 27 b.
8. Nurpejiso va S.K. Kazak tilindegi taueldik kategorijasy: Oku kuraly. – Karagandy: KarMTU, 2007. - 61 b.